



«Бекітемін»
Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым вице-министрі
Е.Н.Иманғалиев
« 1 » _____ 2016 ж.

Тест спецификациясы

- 1. Тақырыбы:** «Кітапхана ісі» пәні бойынша жалпы білім беретін орта мектептің кітапхана қызметкерлерін аттестациялауға арналған тест.
- 2. Мақсаты:** Тест кітапхана қызметкерлерінің қызметке даярлығын және ұсынылған біліктілік деңгейіне сәйкестігін анықтау мақсатында құрастырылған.
- 3. Міндеттері:** Кітапхана қызметкерлерінің біліктілік деңгейінің талаптарына сәйкестігін анықтау.
- 4. Тест мазмұны:** Тестке негізгі бөлімдердің материалдары енгізілді.

№	Тақырып	№	Тақырыпша	Тапсырманың тестідегі орны	Қиындық деңгейі
1.	Мектеп кітапханасының жұмысын ұйымдастыру	1.	Мектеп кітапханасының қызметін құқықтық-нормалық және нұсқаулық-әдістемелік қамтамасыз ету	1	В
2.	Мектеп кітапханасының жоспары мен есебі	1.	Кітапхана жоспары	2	С
		2.	Кітапхана есебі	3	С
3.	Кітапхана қоры	1.	Кітапхана қорын толықтыру	4	В
		2.	Негізгі кітапхана қорының есебі және техникалық өңдеу	5	С
4.	Кітапхана қорын орналастыру	1.	Кітапхана қорын орналастыру, жайластыру және сақтау	6	В
		2.	Кітапхана қорын тексеру	7	В
5.	Анықтама-библиографиялық аппарат	1.	Каталогтандырудың технологиялық үрдістері	8	С
		2.	Кітапхананың каталогтар және картотекалар жүйесі	9	В
6.	Кітапханалық қызмет көрсету	1.	Оқырмандарға кітапханалық қызмет көрсетуді есепке алу	10	В
		2.	Оқушылардың кітап оқуына басшылық жасау	11	В
7.	Кітапханада оқырмандарға топтық және көпшілік қызмет көрсету	1.	Оқырмандарға көпшілік жұмыс жүргізудің ауызша түрлері	12	А
		2.	Құжаттарды жарнамалаудың көрнекі нысандары	13	А

8.	Кітапхананың ақпараттық-библиографиялық жұмысы	1.	Анықтама-библиографиялық қор	14	В
		2.	Библиографиялық құралдар	15	С
		3.	Анықтама-библиографиялық қызмет көрсету	16	В
		4.	Библиографиялық құлақтандыру	17	В
9.	Кітапхананың мектеп оқулықтарымен жұмысы	1.	Мектеп кітапханасының оқулықтар қорын толықтыру, есепке алу, жайластыру және беру	18	А
10.	Қазақстан Республикасының кітапханалар жүйесі	1.	Қазақстан Республикасының кітапханалар торабы	19	А
11.	Мектеп кітапхана қызметінің жаңару үрдістері	1.	Медиатека, Интернет ресурстар	20	С

Тест тапсырмалары 3 қиындық деңгейінен тұрады:

Бірінші деңгей (А) – 4 тапсырма;
 Екінші деңгей (В) – 10 тапсырма;
 Үшінші деңгей (С) – 6 тапсырма.

5. Әрбір тапсырманың сипаттамасы:

Кітапхана жұмысының ерекшелігін білу; Мектеп оқу-тәрбие үдерісінің талаптарына сүйене отырып, кітапхананың жалпы нормасын және ережесін білу; жоспары мен есебін сауатты құру, мектеп кітапханасы жұмысының техникасын білу; ақпараттық-библиографиялық жұмысты білу; кітапханаға қатысты компьютерлік тораптар мен ақпараттық технологияларды қолдана білу. Оқырмандардың творчестволық дағдыларын және іс-шараларға қатысуға қызығушылығын арттыру және дамыту. Мамандық таңдауға дайындауда бейін алды оқыту мен бағдарлы білімді меңгеру. Жаңалықтарды іздеу және меңгеру арқылы өз жұмыстарында пайдалану. Кітап көрмелерін ұйымдастырудың іс-әрекетін білу, өзінің жеке көрсеткіштерін бағалау.

6. Тапсырмаларды орындаудың орташа уақыты:

Тестінің бір тапсырмасын орындап шығуға белгіленген уақыт – 2 минут. Тестінің толық орындалу уақыты – 40 минут.

7. Нұсқаулар мен тапсырмалар саны:

Тест нұсқауларының баламалылығы:

- тестілердің спецификацияға сай құрылуымен;
 - өзара ауыстыруға келетін тапсырмалардың әртүрлі нұсқаларда бір орында келуімен;
 - барлық нұсқаларда қиындық деңгейінің бірдей болып келуімен жүзеге асырылады.
- Бір тестіде 20 сұрақ.

8. Тапсырмалар формасы:

Берілген бес нұсқасында бір дұрыс жауапты таңдау.

Нұсқау: «Таңдаған жауапты жауап парағында берілген пәнге сәйкес орынға, дөңгелекшені толық бояу арқылы белгілеу қажет».

9. Жеке тапсырмалар мен жалпы жұмысты бағалау:

Дұрыс орындалған әр тапсырма үшін- 1 балл. Дұрыс орындалмаған тапсырмаға – 0 балл.

10. Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

1. Білім жүйесінің кітапханаларына арналған кітапхана ісі жөніндегі әдістемелік құралдар / ҚР Білім және ғылым министрлігі. Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапхана; жауапты ред. А.Ә.Насырова. – 3-ші бас. толықт. – Алматы, 2011. – 204 б.
2. Мектеп кітапханаларының жұмысын ұйымдастыру: нұсқаулық-әдістемелік ұсыныстар және есептік түрлері / құраст. А.С.Аманова, Г.Ә.Жамболатова; ред. А.А.Насырова.-РҒПК.- Алматы, 2011.-303б.
3. ҚР Білім және ғылым министрлігі орта, техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінің кітапханаларына арналған өзгерістер мен толықтырулар енгізілген. Кітапханалық – библиографиялық жіктеуінің қысқартылған үлгісі: әдістемелік құрал / құрастырушылар А.Б.Емишова, З.Қ.Қосуақова, Д.Ж.Алпамышева. – Алматы: ҚР БҒМ РҒПК, 2011. – 116 б.
4. Мектепте кітапхана жұмысын ұйымдастыру. Құрастырғандар: Райфельд Л.С., Сегізбаева Н.К. Алматы қ., 2003 ж.-42 б.

ҰТО директоры



Қ.С Әбдиев